

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Топ: «Арай» тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : Қараша

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Денешынықтыру	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу(арақашықтығы 3-4м) Секіру. Қос аяқпен заттардың арасымен(арақашықтығы 4м) секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа үш қатармен тұру.</p> <p>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау.</p>
	Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.

	<p>Буындардан сөздер құрастыруға(ауызша) үйрету. Қолды жазуға дайындау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз К-Қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану. Белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, суреттер бойынша сипаттау. Шығармаларды қабылдау. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден дыбысы, қимылы қолданылуы бойынша заттардан құру, Сан және санау. Сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 9 санының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ені мен жуандығын анықтай білу. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Геометриялық пішіндер. Геометриялық фигуралар мен(дөңгелек, сопақша,, үшбұрыш, сопақша, төртбұрыш) геометриялық денені(текше) дұрыс атап, оны ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: жоғарыдан төменге. Уақытты бағдарлау.Циферблат бойынша уақытты анықтау.</p>
Қөркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Тілдің көркемдігін сезіну(эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс әрекетін бағалау.</p>

	<p>Мәнерлеп оқу. Рөлдерде, кейіпкерлердің көңіл күй мен мінезін мәнерлі, дербес орындау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары(маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға баулу.</p> <p>Заттық әлем. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну. Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну., оларға белсенді қатысу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтау.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрылыс материалдардан құрастыру, өзбетінше ойдан құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімін (кимешек) құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдармен жұмыс жасау, дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи (жүн) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа құрастыруға баулу.</p>
<p>Сурет</p>	<p>Заттық сурет салу. Заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы салу (жануарлар)</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («құсқанаты») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалану.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Көкөңістер мен жемістерді мүсіндеу.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу.</p>

	<p>Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен безендіру. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>
Апликация	<p>Заттық жапсыру: Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симетриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінің, олардың құрылымын пропорцияларын беру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен(кілем, алаша, сырмақ) таныстыру, оларды ою өрнектерімен безендіру, жеке және топпен бірлесіп жасау</p>
Қазақ тілі	<p>Үй жануарларды жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жабайы аңдардың атауларымен таныстыру.</p> <p>- Педагогтің үлгісі бойынша қысқаша сипаттайды.</p> <p>Мынау сөзімен байланыстыра айта алады.</p> <p>Азық түліктерді жекеше және көпше түрде айтады.</p> <p>- Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;</p> <p>Көліктер жайлы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады.</p> <p>Меңгерілетін сөздер: аю, қасқыр, түлкі, аңдар,қоян, кірпі, тиін.</p> <p>- Мынау-аю.</p> <p>Машина, автобус, кеме, велосипед, ұшақ,</p> <p>Бұзау, сиыр, бота, қой, ешкі, лақ, құлан, ат. Сиыр сүт береді.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау</p> <p>Музыкадағы регистрлік өзгерістерді есту қабілетіне үйрету. Қарапайым ритақты үлгіні шапалақпен жеткізуге үйрету. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Тәттімбеттің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу</p> <p>Ән айту</p>

		<p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту. Вокалдық-хор дағдыларын дамыту. Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Ритақты, айқын, жігерлі қадамға қол жеткізіңіз. Балаларды бірбірін басып озбай немесе басып озбай, шерудің айқын ритағына сәйкес қозғалуға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Билер</p> <p>Би қимылдарын меңгеру: галоп. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту</p> <p>Би шығармашылығы</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Би ойлап табуға үйрету. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, би ойлап табуға үйрету.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Музыкалық (асатаяқ, бубен, румба) аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
--	--	--